



ӘӨЖ 82-43

FTAXP 17.01.09.

DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2024.95(3).68

**Несипбекова А.С.\*, Смағұлов Ж.Қ.**

**Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,  
Қарағанды, Қазақстан**

**\*Корреспондент-авторы:** arai\_nesipbekova@mail.ru

E-mail: arai\_nesipbekova@mail.ru, jandossmagulov@mail.ru.

### **Т. КӘКІШҰЛЫНЫҢ «МАҒЖАН МЕН СӘКЕН» ҒЫЛЫМИ ЭССЕСІНДЕГІ ТҰЛҒАЛАР ТҰТАСТЫҒЫ**

**Аңдатпа.** Бұл зерттеу жұмысында Тұрсынбек Кәкішұлының тарихи деректер мен архивтік мағлұматтар негізінде жазылған «Мағжан мен Сәкен» ғылыми эссесі қарастырылған. Қазақ әдебиеттану ғылымында дау-дамайы мол мәселенің бірі – Мағжан мен Сәкеннің қарым-қатынасы. Көзі тірісінде де, ақталғаннан кейін де дабырасы басылмай келе жатқан осы мәселені шешуге арналған ғалым еңбегі - ұлы классиктеріміздің өмірі мен шығармашылығын өзек еткен, көркемдік талдаулармен оқырманның тарихи танымын, эстетикалық түсінігін молайтатын құнды еңбек. Мақалада ғылыми эсседегі қос ақынның пенделік қарым-қатынасы, поэзиялық қуаты, суреткерлік шеберліктері, жеке дара қолтаңбасы талдау нысаны болып отыр. Ақындардың шығармашылық ғұмырнамасы, ұлттық, азаматтық көзқарастағы жырлары, тұлғалар тұтастығы, қоғамдық қызметтері автор зерттеулері мен тұжырымдары негізінде талданады.

**Кілт сөздер:** ғылыми эссе; тұлғалар тұтастығы; ақын; ғалым; футуризм; символизм; тарихи дерек.

#### *Kіpіcne*

Тұрсынбек Кәкішұлы - ұлтжанды қайраткер, батыл сыншы, ұлағатты ұстаз, ғұлама ғалым, талантты жазушы, қарымды публицист. Ұлт руханияты мен ұлтжандылық, мұрағат қорындағы бай дүниелерді зерделеп, тексеріп, талдап ұсыну - ғалым мұрасының басты ерекшелігі. Жиырмасыншы ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармашылықтары жайында, ғылыми зерттеулерінің нәтижесі ретінде жазылған Тұрсынбек Кәкішұлының «Мағжан мен Сәкен» монографиясы аса құнды еңбектердің бірі десек қателеспейміз.

Т.Кәкішұлының ғалымдық ұстанымы – ақиқаттан бұлтармай, ақ – қарасын ашық айту. Ғалымның қаламынан шыққан еңбектерінің барлығы осындай ұстанымға негізделгендіктен, әрбір жаңадан жарық көрген кітабы әдеби ортада шынайы жаңалық ретінде бағаланып отырды. Сирек кездесетін мұрағаттық деректерді құнарлы тілде жеткізетін ғалым ешкімге ұқсамайтын, ешкімді қайталамайтын өзіндік қолтаңбасын бірден аңғартты, дәуір әдебиетін жан-жақты зерттеп өзіндік ерекшелігімен дараланды. Бүгінде қазақ әдебиеттануы мен сыны



тарихының Абызы атанып отырған ғалымның қалам тартқан үлкен бір саласы публицистика. Оның еңбектері - өзі зерттеп отырған дәуір келбетінің портреті дәрежесіне жетті.

Ғалымның «Мағжан мен Сәкен» зерттеуі эссе жанрында жазылған ғылыми еңбек. «Эссе латынның таразылау, ағылшынның, француздың очерк, мақала деген ұғымын білдіреді. Эссе жанрының негізін салған - француздың үлкен гуманист, философ жазушысы М.Монтень. Ол 1580-жылы «Эссе» деген кітап жазып, онда қоғам, адам тағдыры туралы толғаныстар ұсынған. Бұл кейіннен орыс тіліне аударылып, «Тәжірибелер» («Опыты») деген атпен басылып шықты. 1597 жылы Ф.Бэкон да осындай атпен еңбек шығарған. Кейіннен бұл жанрда көптеген жазушылар, философтар, қоғам қайраткерлері қалам тартып, әдебиеттің ерекше эссеистика саласы қалыптасты [1, 249 б.]. «Эссе – қаламгердің жеке тұлға ретіндегі азаматтық-адамгершілік көзқарасын, дүниетаным көкжиегінің кеңістігін, көрген-білгенін ой елегінен өткізіп, өмірлік құбылыстармен салыстыра саралай алатын қабілет-қарымын көрсететін шығармашылық жұмыстың бір түрі» [2, 115 б.]. «Эссе... Неткен әдемі, ғажап сөз. Керісінше оқысаң да сол қалпында естіледі. Бұл сөздің мағынасы дыбысталу сипаты бір-біріне пара-пар, тепе-тең тұтастықтың символы» деп толғанды В.Ковалев өз жазбасында [3]. «Эссе – адамзат тарихында 400 жылдан астам уақыт аясында қолданылып келе жатқан өміршең жанр» - деген М.Эпштейн сөзі өзінің өзектілігін жойған жоқ [4, 334 б.]. Қазіргі таңда әдеби жанрлар жүйесіне интернет-коммуникацияның белсенді әсері байқалады. Эссенің де интернет кеңістігіне «көшірілген» интернет-жанры зерттеушілер тарапынан талданып, жанрлық ерекшеліктері зерттеліп жатыр. Ол ерекшеліктерді зерттеуші Т.Лямзина былай түсіндіреді: «Тілдік тұлғаға эссенің интернет-жанрының коммуникативтік тартымдылығының себептері біріншіден, мәтіндерде адресаттың санасында авторлық сезімді, әлемді түсіндірудің коммуникативтік стратегиясы қалыптасқан, екіншіден, автордың жеке позициясын үйлестіретін ауызекі сөздің еркін публицистік элементі бар» [5]. Ал ғалым Г.Кукуева: «Эссенің виртуалды кеңістікте жұмыс істеуі сөйлеу жанрын туғызудың және оның бұқаралық оқырманға әсер етуінің негізгі коммуникативтік-когнитивтік процесін білдіреді. Бұл үдеріс автордың жеке басын қалыптастыру және оның өзін-өзі көрсетуімен байланысты» - деп есептейді [6, 254 б.]. Осылайша эссенің өміршеңдік танытуы оның көркем әдебиет пен ғылымның жақсы қасиеттерін бойына сіңіріп, оқырман ойын қозғай білуіне байланысты. Эссенің жанрлық ерекшелігі – оның композициялық құрылымында еркіндіктің болуы. Осындай еркіндік Т.Кәкішұлының эсселеріне тән. Ғалым міндетті қалыпты сақтамайды, өз ойларын жүйелі, жүйесіз еркін баяндайды. Біз қарастырып отырған «Мағжан мен Сәкен» ғылыми эссесі ғылыми талдаулар, архив деректеріне негізделген дәлелдер мен сыншылық сипаты басым зерттеу еңбегі. Т.Кәкішұлы әдебиеттанушы, ғалым, сыншы, қаламгер, эссеист, эпистолярлық жанрдың нағыз шебері ретінде айналасындағыларға қарағанда озық тұр. Естеліктерде ғалымның өткірлігі, табандылығы, шыншылдығы ерекше аталады. Т.Кәкішұлының 1999 жылы «Қазақ университеті» баспасынан шыққан «Мағжан мен Сәкен» атты ғылыми - эссесіндегі тұлғалар тұтастығы жайлы тиянақты тұжырымдары – бүгінгі мақаланың негізгі арқауы. «Ғалым ХХ



ғасырдың соңына қарай Сәкендей сұңқарға қатысты «Мағжан-Сәкен» атты жаңа еңбегін жазды. Бұл кітабында ғалым Сәкен мен Мағжанның өмір кезеңдерін қатар ала отырып, ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі ақтаңдақтардың қыр-сырын тереңдете ашуға ұмтылды. Оны жалаң сөз қылмай, тарихи ғұмырнамалық шындықты мұрағат құжаттарымен негіздеп, кеңестік кезеңге дейінгі және кейінгі қоғамның әлеуметтік ахуалын, қос ақынның шығармашылық бәсекестігін салыстырмалы түрде зерттеп, тұлғалық ерекшеліктердің өзіне ғана тән құпиясын нақты ашады», - деген пікірді негізге ала отырып Т.Кәкішұлының зерттеу еңбегіне талдау жасалды. [7, 441 б.].

#### *Зерттеудің материалдары мен әдістері*

Зерттеу жұмысының негізгі дереккөзі Тұрсынбек Кәкішұлының 1999 жылы жарық көрген «Мағжан мен Сәкен» ғылыми эссесі. Мақаланы жазу барысында алға қойған мақсат-міндеттерді орындау үшін жүйелеу, әдеби талдау, тарихи-салыстырмалы сипаттау, жинақтау, әдістері негізге алынды.

#### *Зерттеудің нәтижелері*

«Мағжан мен Сәкен» ғылыми эссесі - оқырманын иландырап көркемдік қуатпен жазылған, автордың сезімдерін бірге бастан кешкендей күйге бөлейтін құнды ғылыми дерек пен дәйектерді қамтыған бағалы туынды. Ғалымның қос алыптың көбіміз ұсақ – түйек деп мән бере қоймайтын адами және пендешілік іс - әрекеттеріне қатысты деректер негізінде талдап, нақты дәлелдеп беруінің артында үлкен еңбек жатыр. «Жан – жақты көз салсақ, мен әуелі Сәкенді ауызға алуға тиіспін ғой. Күні бүгінге дейін оған шаң жұқтырмауға талаптанып, тұмсықтыға шоқытпақ түгіл, ала көзбен қарамаса екен деген тілекпен келе жатқаным аруақ – құдайға аян», - деп ғалым осы жолы еңбегін Мағжаннан бастауының бірнеше себебін атап береді [8, 5 б.]. Олар - Мағжан жасының Сәкеннен бір жасқа үлкен болуы, Мағжанның басқа ақындарға қарағанда өмір тауқыметін көбірек тартуы және ақындық жағынан ағалығы.

Тұрсынбек Кәкішұлы коммунистік идеологияға сенген, сол жылдары әдебиеттануға келген ғалымдардың Сәкенді партияға барынша жағымды етіп көрсетуге күш салғандардың ішінде өзінің де үлесі бар екендігін ашып айтты. Енді осы еңбегінде артық - кемін айтып, «Сәкен мен Мағжанның қарым – қатынасын бақайшағына дейін дәйектеп алмасақ, қанқу сөзден еш құтылмаймыз. Оған біздің ұлттық табиғатымыз жақын, шын сөзден гөрі пыш – пыш өсек аяңға мейлінше құлақ түреміз. Біліп сөйлеуге дерекпен дәлелдеуге үйренгеніміз абзал» деп нақтылап өтті [8, 8 б.]. Ғалым өзінің басқа зерттеушілер сияқты «жамап – жасқап» жазудан аулақ екендігін, түйінді мәселені шешуде тек маңдай терін төгіп ақтарған архив деректеріне сүйенетіндігін айтады. Ұзақ жылдар ойында жүрген бұл зерттеуінде Сәкен мен Мағжан қарым – қатынасының пенделік сипаттарын таратып, ғұмырнамасын баяндауды арқау ете отырып, ғылыми салыстырмалық талдау жасайды. Поэзия дүлдүлі, рухты үні жүректі оятатын Мағжан Жұмабаевтың қилы тағдыры, шығармашылық өмірбаяны, С.Сейфуллинмен қарым – қатынасы толық қарастырылған.

Көрнекті әдебиеттанушының бұл еңбегіне сүйенсек, Мағжан мен Сәкен екеуі де орта жүздің Арғындары. Мағжан Ресеймен іргелес аймақтағы мәдени орталық Омбы мен Қызылжарға жақын жерде балалық шағын өткізсе, Сәкен



Ақмола дуанының сахарасында ойнап өскен. Әуелде екеуі де ауыл молдасының алдын көреді, бірақ Мағжан мәдени орталыққа жақындығының артықшылығын ерте сезіп, 1903 – 1910 жылдарда араб, парсы, түрік, орыс тілдерін оқып үйренген. 1911-1912 жылдарда «Ғалия» медресесінде оқып, 1913 жылы Омбыдағы мұғалімдер даярлайтын семинарияның дайындық курсына түседі. Осылайша Мағжан мен Сәкеннің жақын таныстығы Омбы семинариясынан басталады. Семинариядағы оқуын Сәкен 1916 жылы, Мағжан 1917 жылы 10 мамырда тамамдады деп жазады.

Омбыдағы оқуларына байланысты Мағжан мен Сәкен бір-бірін ерте таныды, бірі-бірінің кемшілігі мен артықшылығын бағамдай білді. Көп зерттеушілер толыққанды қарамай өте шығатын Омбы мәселесіне автор зерттеушілік ұстаныммен кеңінен тоқталады. Себебі, бұл кезең олардың дүниеге көзқарасын, ел мен жер тағдырына араласу мұратын айқындаған және қалыптастырған жылдар. Т. Кәкішұлының баяндауынша, 1914 жылдың көктемінде Омбыда екі бірдей оқиға жалғаса өтеді. Бірі - Алаштың арысы Міржақып Дулатовтың Ғайнижамал Досымбековамен үйлену тойын өткізуі. Екінші - үлкен оқиға қазақ жастарының тұңғыш қозғалысы «Бірлік» қоғамының дүниеге келуі. Осы тойда екі ақынның да болғандығын автор М.Дулатовтың қызы Г.Дулатованың айтқан естелігі арқылы дәлелдейді. Мағжан мен Сәкен арасына сызат түсірген оқиғаның алғашқысы қос ақынның М.Дулатовтың балдызы Гүлшаһра Досымбекованы ұнатуы. «Гүлшаһраның екеуінің арасына көздің құртындай болғанын жасырмайық, осы тұста Сәкен мен Мағжанның арасы алшақтай түскені байқалады» дейді автор [8, 20 б.]. Олай болса бұл оқиға Сәкен мен Мағжан қарым-қатынасының күрделенуі мен ширығуының алғышарты десек болады. Дегенмен, екі ақынның жұлдыздарының жараспауына Гүлиядан басқа да себептер болды. Мағжанның семинарияға әжептәуір өмір тәжірибесімен келуі, 1912 жылы «Шолпан» атты өлеңдер жинағының шығуы, «Бірлік» қоғамының бағдарламасын жасау кезіндегі айтыстар мен атауы төңірегіндегі таластар көңілдеріне сызат салып, ауызбіршіліктерінің алшақтай беруіне себепші болады. Сондай-ақ «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетіне қатысты ойлары мен сөздері кереғар пікірде болады. Автордың «Мағжан мен Сәкен қарым-қатынасында ең алдымен пенделік сипат басым жатқандығын енді ұялмай-ақ, қысылмай-ақ ашық айтуға ниеттеніп отырмын» деуі арқылы қос ақынның арасындағы пенделік қарым-қатынас, бірі-біріне бас имеуі, алдыдағы саяси, әлеуметтік алшақтықта, сондай-ақ өнер бәсекесінде де өз ізін тауып жатқанын айтса керек [8, 21 б.]. Ал Мағжантанушы ғалым Б.Қанарбаева Сәкен мен Мағжанның әдеби көзқарастарындағы тартысты «идеялық қайшылықтан, дәлірек айтқанда «футуризм мен символизм арасындағы тартыстан» деп түсінгеніміз жөн», - деген пікірді айтып, ақындар ұстанған әдеби ағыммен байланыстырады [9, 65 б.]. Зерттеуші Ш.Елеуенов: «Тағдыр семинарияда Мағжанды Сәкен Сейфуллинмен жолықтырды. Қазақ әдебиетінің екі полюсындай болған осы ақындардың жолдары екі айырылса да, тағдырлары ежовшылар түрмесінде шешілді. Жендеттер олардың Омбыда бірге өткізген күндерін, 1914 жылы екеуінің белсене қатысуымен ұйымдастырылған мәдени-ағартушылық сипаттағы «Бірлік» ұйымын естеріне салды» - дейді өз зерттеуінде [10, 20 б.].



Мағжанның ақындық қасиетін, ішкі шығармашылық құдіретін аса жоғары бағалаған Мұхтар Әуезов: «Мағжан - мәдениеті зор ақын. Сыртқы кестенің келісімі мен күйшілдігіне қарағанда, бұл бір заманның тегінен асқандай, сезімі жетілмеген қазақ қауымынан ертерек шыққандай... Сондықтан бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз – Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін», - деп жазды [11, 73 б.]. Т.Кәкішұлы да осы эссесінде Мағжанның 1912 жылы жарық көрген «Шолпан» жинағындағы өлеңдерінің тақырыбына, құрылысына, көркемдік жүйесіне, ақындық шеберлігіне талдау жасайды. Текстологиялық өзгерістердің болғанын да дәлелдеп жазады. Мысалы, «Атақты ақын, сөзі алтын хакім Абай» өлеңінде «Дүние қолын жайып енді күтпес» деген жолдары түсіп қалып, орнына «Әлемнің құлағына әні кетпес» болып өзгеріп кеткен екен. Осылайша зерттеушінің Мағжанның ақындық шеберлігіне үңілуі – еңбектің сонылығын, маңыздылығын арттырады деп білеміз.

Ғалым Сәкеннің мұсылманша 1914, орысша 1915 жылы баспадан шыққан «Өткен күндер» жинағына жазылған алғысөзге Мағжанның қатысы бар деп есептейді және ұқсастықтарын атап өтеді. Өлеңдерінен салыстырулар келтіреді, екі жинақтан да ағартушылық – демократтық бағытты көреді. Мағжан мен Сәкен поэзиясындағы ортақ сарындарды, Абайдың қазақ поэзиясына әкелген жаңалығы - пейзаж лирикасына екі жас ақынның айрықша назар аударуын, суреткерлік өрнектерін салыстыра талдайды. Екі ақынның азықтанған көркемдік ортасы бір болғандықтан, дидактикалық ой-түйіннің кездесіп жатуы заңды құбылыс. Осылайша, өнер бәсекесінде Мағжан мен Сәкеннің жырлары жарысқа түсіп жатты. Бұл қос ақынның шығармашылық қарым, қабілетін дамытуда өз септігін де тигізіп жатты. Абақты торының арғы жағында жатып Мағжанның «Сағындым», «Сарғайдым», «Анама» деп, Сәкеннің «Сағындым», «Шаһит болған достарыма» деп, әйел теңсіздігіне қатысты Сәкен «Жұбату», Мағжан «Домбыра», түрікшілдікке үндейтін, азаттықтың рухы жырланған Мағжанның «Пайғамбар», «Күншығыс», Сәкеннің «Азия», Көкшетау тақырыбына арналған Сәкеннің «Көкшетау», Мағжанның «Батыр Баян» дастанының көптеген тақырыптық және идея-мазмұндық жағынан ұқсастықтары кездеседі.

Мысалы, Мағжанның «Сағындым» өлеңі:

Абақтыда айдан, күннен жаңылдым,  
Сарғайдым ғой, сар даламды сағындым.  
«Қарашығым, құлыным» деп зарлаған

Алыстағы сорлы анамды сағындым, - деп басталса [12, 115 б.], Сәкен «Сағындым» өлеңінде анаға, туған жерге, бейбіт еліне, таулы - тасты Сарыарқасына деген сағынышын былай жырлайды:

Айналып - толғанып өсірген  
Ақ сүтін беріп кешірген.  
Тастамайтын есінен  
Сағындым ғаріп анамды [13, 74 б.].

Бұл қос ақынның бір-бірінен сөз, тақырып пен идея ұрлағаны емес. Мағжан мен Сәкен бір-бірінен сөзден, бояудан, шеберліктен қарыз сұрап алар дарындар еместігін айта келе профессор Т.Кәкішұлы: «Мағжан да, Сәкен де не айтсам,



қалай айтсам деп қиналмаған...екеуі екі дүние, поэзия аспанында өзінше жарқырайтын жұлдыздар. Бірақ дүниетанымы мен іс-әрекеті екі арнамен өрбіген ақындардың құяр сағасы біреу, ол – гуманизм,» - деп тоқ етерін айтады [8, 287 б.]. Сондай-ақ Мағжанның махаббат лирикасында үлкен биікке көтерілгенін, ал Сәкеннің жаңа заман тынысын асқақтата жырға қосқанын білеміз. Демек, С.Мұқановтың: «Сәкен Сейфуллин - қазақ әдебиетіндегі жаңа эра», не «Абайдан кейін тіл өнегесіне Мағжаннан асқан ақын жоқ» деген пікірі қос ақынға берілген әділ баға екенін сөзсіз [14, 254 б.]. Т.Кәкішұлы Сәкен мен Мағжанды қазақ поэзиясының жарық жұлдызына бағалайды, әр ақынның өз қолтаңбасын көрсетуге мүмкіндігі бар екендігін аңғартпақ болады.

Ғалым қазан төңкерісін Сәкен жатсынбай қабылдаса, Мағжан не Ақпан, не Қазан төңкерісіне өлең арнамағанын қалам алуға мұршасы болмады деп түсіндіреді. Зерттеуші Т.Кәкішұлы Мағжан 1917 жылы түрмеге отырды деген ақпаратты жоққа шығарып, нақты деректер келтіре отырып Мағжан 1918 жылдың қаңтар – мамыр айларында алғаш түрменің дәмін тәтті деп жазады. Содан жәбір - жапа көрген жерге тұрақтауды жөн көрмейтін қазақы мінез бойынша түрмеден арып - ашып шыққан ақын күзге дейін Омбы басында болған оқиғаларға араласпаған.

Ғылыми эсседе Мағжанның ағартушылық қызметіне байланысты өмірбаяндық деректер келтірілген. Онда Мағжанның педкурста лектор болғандығы, жеделдетіп оқу курстарында дәріс оқып, мұғалімдер даярлауға кіріскендігі, «Айқап» журналына жалпы педагогика мәселелері бойынша мақалалар жазып тұрғандығынан хабардар боламыз. Мағжан 1918 жылдың 24 қыркүйегінде Омбы облыстық Халық ағарту бюросының мәжілісінде 11 мәселені күн тәртібіне қойған. Бұл кезде ол бұратаналар бөлімінің уақытша меңгерушісі лауазымында болған екен. Кейін 12 қазанда болған 10 – мәжілісіне бөлім меңгерушісі ретінде қатысып, күн тәртібіне 13-14 мәселені ұсынған. Соның нәтижесінде 1918 жылдың қараша айы мен 1919 жылдың ақпан айының арасында жұмыс жасаған педагогикалық курс Мағжан Жұмабаевтың қолдауымен жүзеге асқандығы түсіндіріледі. Кейін мұғалімдердің 320 қазақ оқушысына арналған төрт айлық курсы Қызылжар мен Атбасарда ашылды. Оның басты себебі, Сибревкомның қазақ жеріне көз алартуы, басып қалуға ұмтылысы байқалған шақта интеллектуалды күшті Қазақстанда дайындау қажет болды.

Тұрсынбек Кәкішұлы Мағжанның баспасөздегі редакторлық қызметіне де тоқталады. Зерттеушілердің басым бөлігі С.Мұқановтың «1919 жылдың қыс ортасынан бастап Қызылжарда шығатын «Бостадық туы» гезетіне жауапты редактор болды. Ол қызметте 1920 жылдың күзіне шейін болды» (С.Мұқанұлы. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. 1932. 210-бет) деген жазбасына сүйеніп келгендігін, шындығында Мағжанның 1920 жылы «Кедей сөзі» газетінде штаттағы қызметкер (кейін атауы 1921 жылы «Бостандық туы» деп өзгертілген) болғандығын талқылай отырып жазады. «Кедей сөзі» газетінде 1921-1922 жылы ақынның М.Ж. немесе МИЖ деген псевдоним атпен жарық көрген «Автономия кімдікі?», «Оқығандарды жұмысқа қою» мақалаларын Т.Кәкішұлы ақынның «ұлтжандылығын аспандатқан жан сөзі» деп бағалайды. Себебі ақын, «Оқығандарды жұмысқа қою» дейтін көсемсөзінде: «Шағуға тіл жоқ, сермеуге



қол жоқ. Мекемелерде қазақ тілі жүрілсін деген бұйрық қайда? ... қызметке қазақтан қою керек. Милиция, нарсот, хатшылар қазақтың сенімді кісілерінен болсын» деп ашына жазады («Бостандық туы», 9 қыркүйек 1992 жыл).

Автор дәл осы кезеңдегі С. Сейфуллин тұлғасын да назардан тыс қалдырмайды. Сәкен семинарияны бітіріп, Ақмолаға оралған кезде кеңестердің уездік съезіне жүріп жатқан қауырт дайындыққа белсене араласады. 1920 жылдың мамырында әкімшілік бөлімінің меңгерушінің көмекшісі қызметінде Ақмола уезін аралауға шығады. Сол жылдың 23 шілде күні съезд ашылып, Сәкен төраға болып сайланады. Сәкен өзі құрылуына атсалысқан үкіметке аяғына дейін қызмет етті. Көптеген басшылық қызметтерде болып, пролетариаттар үкіметі аясында халықтың мұң-мұқтажын жоқтады. Аянбай еңбек етті. Бұл тұрғыда Сәкеннің саяси белсенділігінің Мағжанға қарағанда артық болғанын байқаймыз. Ал Мағжанға келер болсақ, С.Мұқанов айтқандай: «Мағжан «Алаш» партиясының ОК мүше болып өтті. Ол февраль кезінде таза байлар партиясының тез құрылуы, үкіметке ие болу ісімен шұғылданып кетті. Ол февральді тілмен емес, қолмен, іспен қарсы алды» [14, 121 б.].

Демек Мағжан да жаңа күнді Әлихан, Міржақып т.б алаш қайраткерлерімен бірге қарсы алып, кейін «Алаш» партиясы таратылған соң да білім беру, баспасөз, ағарту саласында болсын аянбай еңбек еткені мәлім.

Мағжанның:

Фуллин Сәкен,

Кекең, кекең.

Футурист...деп, немесе:

Өзім күнмін, Өзім-от,

Сөзім, қысық көзім де –от

Өзіме өзім табынам, немесе:

Дәрігер, дәрі, бақсы деп,

Алмаңдаршы мазаны.

«Тірліктен өлім жақсы» деп,

Сұраймын, өлім қазаны» - дегендеріне [12, 38 б.].

Сәкен «Бір ақынның сандырағы» деген өлең арқылы:

Ауру ақын

Ыңқылдайды төсекте...

..Ақ орамал басында

Сөйлейді шалқып

«Мен отпын, жанамын!

...Мен күн, аймын!

Мен маймын!

Мен баймын!

Далалаймын» - деп жауап береді [13, 85 б.]. Т.Кәкішұлы: «бұл енді әшейінгі әзіл-қалжың, эпиграмма емес, саяси-әлеуметтігі былай тұрсын, әдеби-эстетикалық ұстасудың нақ өзі еді» деп пікір айтады [8, 231 б.]. Десе де, С.Сейфуллин М.Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегінің жарыққа шығуын қолдаған, еңбек ерекше жылдамдықпен басылып шыққан. Сәкен «Еңбекші қазақ» газетінде редактор болған уақытында Ж. Аймауытовтың «Мағжанның ақындығы» деген



мақаласына қол қойған. Ғалым сөзімен айтсақ, «Сәкеннің пенделіктен әлдеқайда жоғары тұрғанын көреміз де, азаматтығына еріксіз риза боламыз» [8, 259 б.]

Зерттеу еңбегінде Тұрсынбек Кәкішұлы Мағжанның шығармашылығындағы «Ташкент дәуірі» бүкіл қазақ әдебиетінің ұлы олжасы деп именбей айтады. Себебі Мағжан классик, кемеңгер ретінде осы кезеңде толысып қалыптасты. Қанатын кең жайып, Қызылжардағы жалғыз газетте тұңшыққан Мағжанның тынысы ашылып, ең шұрайлы шығармалары «Шолпан», «Сана», «Сәуле» журналдары мен «Ақжол» газетінде жарияланған болатын.

Профессор Т.Кәкішұлы Мағжан Жұмабаевтың Халел Досмұхамедов, Әбубәкір Диваев, Кәрім Жәлденев, Николай Архангельский сынды зиялылармен бірге «Талап» қоғамын ұйымдастырушылар қатарында болғандығын жазады. Ғалым «Талап» қоғамы алдына бірнеше міндеттерді қояды. Олар: қазақ әдебиетінің, терминологиясының, орфографиясының мәселелерін тексеріп талдау; ұлттық өнерді оқып – үйрену; қазақ халқының тарихы мен тұрмысын жетік білу; қазақ мектебінде оқытудың жай – күйін тексеру; өнер қайраткерлері мен ғылыми қызметкерлерге жәрдемдесу.

Идеялық тұрғыда қос тұлғаның бір-бірін орынсыз тілдеп, бопсалап соғатын сәттерінің аз болмағаны мәлім. Бұл тіпті Мағжанның «Тоқсанның тобы» «Толғау» атты Кеңестік жүйені мойындаған шығармаларынан соң да жалғасып жатты. Бірақ кейін Мағжан 10 жылға сотталып Беломор-Балтық каналында айдауда жүргенде С.Мұқановтың оған хат жазып, оның жағдайын сұрап, «Тоқсанның тобы» мен «Толғауын» дұрыс түсінбегенін айтып, Мағжанның әлі де болса қазақ поэзиясына керек екенін жазуы, Мағжан айдаудан қайтып оралғанда сол кездегі Қазақстан Жазушылар одағының басшысы С.Мұқановтан көмек сұрауы, ал Сәкен мен Сәбиттің Мағжанды Алматыға шақырып көмек қолдарын созуы азаматтығын көрсетке керек. 1937 жылдың көктемінде репрессия күйшейген кезде, Сәкеннің қуғынға ұшырауына бірден-бір себеп Мағжанға көмек беруі болғаны да рас. Демек, өмір толқыны дарияның екі жағалауына лақтырған қос таланттың қанша жерден өмір мен өнер бәсекесіне түссе де, мейлі қайда, қалай жүрсе де ойлағандары қазақ деген қара халықтың мүддесі, арман-мұраты болғанын көреміз.

#### *Қорытынды*

«Мағжан мен Сәкен» - эссе жанрының тылсым табиғатына терең бойлап, ерекше тыянақтылық, ерік - жігерімен жазылған, құнды деректер қамтылған шынайы ғылыми еңбек. Бізді, әсіресе, ерекше таңдандырғаны – автордың ерінбей еңбек етуге деген ерік - жігері. Қазақ әдебиетінде мәңгілік өлмес қолтаңба қалдырған қос ақынның әр бір адымынан сыр іздеп, іздеріне түсіп, көбіміз ұсақ-түйек деп мән бере бермейтін пендешілік іс-әрекеттеріне қатысты дерек тауып, ой өрбітіп, оны дәлелдеп, қолмен ұстатқандай көзіңізді жеткізуі – айтуға ғана жеңіл көрінгенмен, шындығында, ұшы-қиыры жоқ телегей теңіз еңбек, екінің бірінің шыдамы жете бермейтін іс.

Ұлттық әдебиеттану ғылымында «ахметтану», «жүсіпбектану», «мағжантану» мен «сәкентану» ілімдері қалыптасты, енді ол әр сала бойынша қарыштап даму үстінде. Алайда зерттеу еңбектерінде Алаш арыстарының өмір жолы, шығармашылығы мен қайраткерлік қырлары кеңірек баян етілгенімен, алыптардың арақатынасы, шығармашылық я пенделік байланыстары, қарама-





қайшы іс-әрекеттері мен көзқарастары, олардың туу себебін ашып көрсету толыққанды жүзеге аспағанын байқаймыз. Болған күнде де зерттеу еңбектерінде белгілі бір тұлғаға баға беруде асыра мақтау не болмаса кемшілікті атап көрсетпеу, ұлылар арақатынасын дәл бағамдамау орын алып келеді. Белгілі ғалым, әдебиетші, профессор Тұрсынбек Кәкішұлының «Мағжан мен Сәкен» шығармасы ол кемшіліктерден ада. Бұл еңбек ұлыларымызды тануда яғни дұрыс тануда көп жайға көзімізді жеткізеді. Оқырман қос ақынның арақатынасын бұрын әрқилы дерек, естеліктер арқылы танып келсе, енді шынайы тарихи құжаттар, архив деректері алға тартылады. Көптен бері талай ауыздан-ауызға жетіп, талай дау-дамайға арқау болып келген «Мағжан мен Сәкен» хикаясына шынайы зерттеушілік тұрғыдан баға беріліп, әртүрлі әңгіме, сан қилы қауесетке тоқтау салып, түйін айтуы осы еңбектің құндылығын көрсетеді. Және алыптар арақатынасын зерттеуде автор Т.Кәкішұлы бұл тұрғыда «сәкентанушы» я болмаса «мағжантанушы» ретінде емес, әдебиет, өнер жанашыры ретінде қарайды, ешкімге бұра тартпайды. Өмірлерінің соңғы сәтінде қос алыптың арасындағы достық дәнекердің пайда болуын екі ақынның өзара алысқан хаттары мен соңғы жылдар да жазылған жырларындағы ортақ сарындастықтықтан іздестірген ғалым тұжырымдары да көкейге қонымды. «Шынтауыттап келгенде, профессор Т.Кәкішұлының «Мағжан мен Сәкен» атты ғылыми эссесі – тарихи-әдеби деректерімен, танымдық қасиет-қырларымен, мәнді, мағыналы толғауларымен ерекшеленетін әрі Мағжантану мен Сәкентануға, бір сөзбен қайырғанда, ұлттық әдебиеттануға қосылған қабырғалы туынды демекпіз» - деп жоғары баға берген ғалым С.Негимов пікірімен толықтай келісеміз [15, 99 б.]. Түйіндей келгенде, «Мағжан мен Сәкен» ғылыми - эссесі қазақ әдебиеттану ғылымындағы тарихи таным мен эстетикалық талғамды жаңа белеске шығарған туынды.

Қазақ әдебиетінің тарихына аянбай еңбек етіп, өмірінің соңына дейін қолынан қаламы түспеген ғалым Тұрсынбек Кәкішұлының бай мұрасы оның көзі тірі кезінде-ақ зерттеу нысанына айналған. Т.Кәкішұлы жайлы жазылған естеліктер мен мақалалар, ғылыми еңбектер қазақ әдебиеттануы мен сын тарихының Абызы атанған ғалымның портретін одан сайын жарқырата түсетіні сөзсіз.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Ысқақұлы Д. Сын өнері. – Алматы: Қазақпарат, 2001. – 304 б.
- [2] Әбдіжәділқызы Ж. Тележурналистикадағы эссе жанрының функциональдық мәні мен маңызы // әл – Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті хабаршысы. Журналистика сериясы. —2019 —№2(52). — 111–117б.
- [3] Ковалев В. Эссе об эссе / В.Ковалев. — [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://www.hegel.ru/esse.html>.
- [4] Эпштейн М. Парадоксы новизны. / М.Эпштейн. – Москва: Советский писатель, 1988. – 41бс.
- [5] Лямзина Т. Жанр эссе (К проблеме формирования теории) / Т.Лямзина. — [Электронный ресурс] – Режим доступа: [http://psujoun.narod.ru/lib/liamzina\\_essay.htm](http://psujoun.narod.ru/lib/liamzina_essay.htm).
- [6] Кукуева Г. Самопрезентация языковой личности пишущего (на материале интернет-жанра эссе)/ Г.Кукуева //Сибирский филологический журнал. – 2019 – № 1. – С. 252-264.



- [7] Смағұлов Ж. Тұрсынбек Кәкішұлы. Әдеби-ғылыми ғұмырнама. – Астана: Фолиант, 2017. – 530 б.
- [8] Кәкішұлы Т. Мағжан мен Сәкен: ғылыми эссе. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 449 б.
- [9] Қанарбаева Б. Мағжан символист: зерттеу. – Алматы: Экономика, 2007. – 288 б.
- [10] Елеуқенов Ш. Мағжан (Өмірі мен шығармагерлігі). – Алматы: Санат, 1995. – 384б.
- [11] XX ғасырдағы қазақ әдеби тілі/Ред.Б.Абілкасымов. – Астана: Елорда, 2000. – 344 б.
- [12] Жұмабаев М. Сүй, жан сәулем. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Атамұра, 2002. – 256 б.
- [13] Сейфуллин С. Көкшетау: Жыр – дастандар. – Алматы: Жазушы, 1994. – 296 б.
- [14] Мұқанов С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Атамұра, 2008. – 384 б.
- [15] Негимов С. Мағжан мен Сәкен әлемінде. «Тұрсынбек Кәкішұлы және қазақ әдебиетінің тарихы мен сынын зерттеудің келелі мәселелері»: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. - 10 қараша 2022ж. – Алматы. – 96-99 б.

#### REFERENCES

- [1] Ysqaqūly, D. (2001). Syn öneri [The art of criticism]. Almaty: Qazaqparat [in Kazakh].
- [2] Äbdjädilqyzy, J. (2019). Telejurnalistikadaғы esse janrynyñ funksionaldyq mäni men mañyzy [The functional significance and importance of the essay genre in TV journalism]. äl-Farabi atyndaғы qazaq ũlttyq universiteti habarşysy. Jurnalistika seriasy - Bulletin of al-Farabi Kazakh National University. Herald of journalism, 2(52), 111-117 [in Kazakh].
- [3] Kovalev, V. Esse ob esse [An essay about an essay]. Retrieved from <https://www.hegel.ru/esse.html> [in Russian].
- [4] Epštejn, M. (1988). Paradoksy novizny. [The paradoxes of novelty]. Moskva: Sovetski pisatel [in Russian].
- [5] Lämzina, T. Janr esse (K probleme formirovania teorii) [The genre of the essay (On the problem of theory formation)]. Retrieved from [http://psujoun.narod.ru/lib/liamzina\\_essay.htm](http://psujoun.narod.ru/lib/liamzina_essay.htm) [in Russian].
- [6] Kukueva, G. (2019). Samoprezentasia iazykovoï lichnosti pişuşego (na materiale internet-janra esse) [Self-presentation of language personality in the Internet-genre essay]. Sibirski filologicheski jurnal, 1, 252-264 [in Russian].
- [7] Smagulov, Zh. (2017). Tұrsynbek Käkishūly. Ädebi-ğylymi ġūmyrnaма [Tursynbek Kakishuly. Literary and scientific life]. Astana: Foliant [in Kazakh].
- [8] Kakishuly, T. (1999). Mağjan men Säken: ġylymi ese [Magzhan and Saken: a scientific essay]. Almaty: Qazaq universiteti [in Kazakh].
- [9] Kanarbaeva, B. (2007). Mağjan simvolis:zertteu [Magzhan the Symbolist: a study]. Almaty: Ekonomika [in Kazakh].
- [10] Eleukenov, Ş. (1995). Mağjan (Ömiri men şyğarmagerligi) [Magzhan (life and creativity)]. Almaty: Sanat [in Kazakh].
- [11] (2007) XX ġasyrdaғы qazaq ädebi tılı [Kazakh literary language of the XX century]. Astana: Elorda [in Kazakh].



[12] Zhumabaev, M. (2002). Süi, jan säulem. Öleñder men poemalar [Love, my soul the beam. Poems.]. Almaty: Atamura [in Kazakh].

[13] Seifullin, S. (1994). Kökşetau: Jyr – dastandar [Kokshetau: poems]. Almaty: Jazuşy [in Kazakh].

[14] Mukanov, S. (2008). XX ғасырдағы қазақ әдебиеті [Kazakh literature of the XX century]. Almaty: Atamura [in Kazakh].

[15] Negimov, S. (2022). Мағжан мен Сәкен әлемінде [In the world of Magzhan and Saken]. «Türsynbek Käkişüly jäne қазақ әдебиетінің тарихы мен synyn zertteudiñ keleli мәсеелері»: Halyqaralyq ғылыми-тәжірибелік konferensia materialdary (10 qaraşa 2022) - International scientific and practical conference (pp.96-99). Almaty [in Kazakh].

**Несипбекова А.С., Смагулов Ж.К.**

### **ЦЕЛОСТНОСТЬ ЛИЧНОСТИ В НАУЧНОМ ЭССЕ Т.КАКИШУЛЫ «МАГЖАН И САКЕН»**

**Аннотация.** В данной исследовательской работе рассматривается научное эссе Турсынбека Какишулы «Мағжан мен Сәкен», написанное на основе исторических данных и архивных сведений. В казахской литературоведческой науке один из самых спорных вопросов – отношения Мағжана и Сәкена. Труд анализом историческое познание, эстетическое понимание читателя. Предметом анализа в статье являются человеческие отношения двух поэтов, их поэтическая мысль, художественные способности и индивидуальные особенности. На основе исследований и выводов автора анализируются творческая жизнь поэтов, национальные и гражданские взгляды, целостность личности и общественная деятельность. ученого, призванный решить эту проблему, которая не утихает ни при жизни, ни после реабилитации, является ценным произведением, отражающим жизнь и творчество наших великих классиков, воспроизводящим художественным

**Ключевые слова:** научное эссе; целостность личности; поэт; ученый; футуризм; символизм; исторические данные.

**Nessipbekova Aray, Smagulov Zhandos.**

### **THE INTEGRITY OF PERSONALITY IN T.KAKISHULY'S SCIENTIFIC ESSAY "MAGZHAN AND SAKEN"**

**Annotation.** This research paper examines Tursynbek Kakishuly's scientific essay "Magzhan men Saken", written on the basis of historical data and archival information. In the Kazakh literary science, one of the most controversial issues is the relationship between Magzhan and Saken. The work of the scientist, designed to solve this problem, which does not subside either during their lifetime or after rehabilitation, is a valuable work reflecting the life and work of our great classics, reproducing historical knowledge and aesthetic understanding of the reader through artistic analysis. The subject of the analysis in the article is the human relations of two poets in a scientific essay, their poetic power, artistic abilities and individual signatures. Based on the author's research and conclusions, the creative life of poets, poems of national and civic views, the integrity of personality and social activities are analyzed.

**Keywords:** scientific essay; personality integrity; poet; scientist; futurism; symbolism; historical data.